

## Аудиторлық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 1434 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № 65 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.02.2022 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті аудиторлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган – лицензиар (лицензиялар (оның ішінде телнұсқалар) беру, қайта ресімдеу, лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру) болып айқындалсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.05.2018 № 246 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 шілдедегі № 601 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 24, 282-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 шілдедегі № 601 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 639 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 22-23, 200-құжат);

3) "Аудиторлық қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 шілдедегі № 601 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 1318 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 29-құжат).

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.06.2013 N 574 қаулысымен.**

P/c №	Аудиторлық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанының болуы	Жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;	
2.	Жарғылық капиталда аудиторға (аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға (ұйымдарға) тиесілі үлестің жүз пайызы болуы	ескертпе: * "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.	"Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқорды пайдалана отырып тексеріледі
	Құрамында осы аудиторлық ұйымда ғана аудитор ретінде өз қызметін жүзеге	Осы аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторларға "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің	

3.	асыратын кем дегенде екі аудитордың болуы	және оның негізінде осы аудиторлық ұйыммен еңбек қатынастарында тұратын құжаттардың көшірмелері	
4.	Аудиторлық ұйым басшысында, сондай-ақ аудиторларда аудиторларға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің болуы	"Аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің, еңбек кітапшасының, жеке еңбек шартының көшірмелері не басшыны қабылдау және шығару туралы бұйрықтардан үзінді	
5.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес аудиторлық ұйымның басшысына қатысты бұрын ол жетекшілік еткен аудиторлық ұйымның лицензиясынан айыру туралы мәліметтердің болмауы		Осы талап лицензиядан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап бір жыл бойы әрекет етеді және аудиторлық ұйымдар тізілімінің және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық дерекқорының деректерін пайдалана отырып тексеріледі
Шетелдік ұйым (шетелдік ұйымдар) Қазақстан Республикасының резиденті – аудиторлық ұйымды құрған кезде жоғарыда санамаланған біліктілік талаптарынан басқа, мынадай қосымша талап қойылады:			
6.	Шетелдік ұйым аудиторлық деп танылуы тиіс	Резиденті болып табылатын елдің кәсіби аудиторлық ұйымы немесе мемлекеттің құзыретті органы беретін нотариалды куәландырылған аудармасы бар аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы хаттың түпнұсқасы не лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі Халықаралық бухгалтерлер федерациясындағы шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін	

	растайтын, кәсіби аудиторлық ұйымының мүшелігі туралы құжат	
--	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК